

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қозғалысқа есептер

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.01.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/27808/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жардемова Асылзада Губайдоллиевна**4 сынып****Математика****Мұғалім: Жардемова Асылзада Губайдоллиевна, БҚО Жаңақала ауданы
Жаңақала мектеп-гимназиясы, бастауыш сынып мұғалімі****Сабақтың тақырыбы:** Қозғалысқа есептер.**Сабақтың мақсаты:**

Білімділік Оқушыларға қозғалысқа арналған есептер және сол есептерге кері есептер шығару жолдарын меңгерту. Бір бағыттағы қозғалысқа арналған есептерді шешуді үйрету. Жазбаша көбейту мен бөлу, яғни баған түріндегі көбейту мен бөлу дағдыларын жетілдіру.

Дамытушылық: Есепті шығару және түрлендіру, ауызша және жазбаша есептеу

дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды білімділікке, адамгершілікке, жолдастық қарым-қатынасқа

тәрбиелеу.

Сабақтың типі: Игерген білімді бақылау сабағы.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік көрсету арқылы түсіндіру, жарыс.

Көрнекілік: Көбейту кестесі.

Жоспар:

- I. Ұйымдастыру кезеңі
- II. Үй тапсырмасымен тексеру
- III. Өтілген сабақты пысықтау.
- IV. Қорытындылау, бағалау.
- V. Үйге тапсырма.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: а) Сәлемдесу , оқушыларды түгендеу.

ә) Сабаққа әзірлігін тексеру, оқу құралдарын дайындау.

Үй тапсырмасын тексеру: .

Оқушылардың білімді белсенді меңгеруге дайындау кезеңі..

Жаңа сабақ.

Сабақ мақсатымен таныстыру.

1. Оқушыларға қозғалысқа арналған есептер және сол есептерге кері есептер шығару жолдарын меңгерту.
2. Бір бағыттағы қозғалысқа арналған есептерді шешу

БІР БАҒЫТТАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

1. Суреттегі мотоциклші мен велосипедшінің қозғалыс бағыты туралы не айтуға болады?

Бірдей уақыттың ішінде олардың жүрген жолдары бірдей бола ма, жоқ па? Неліктен?

Бұл жағдайда 60 – 16 айырмасы нені білдіреді? Межелі жерге қайсысы бұрын жетеді?

60 км/сағ

16 км/сағ

2. Есептердің шартын, сұрағын, шешуін және жауабын салыстыр.

а) 630 км жолды жылдамдықтары 70 км/сағ және 90 км/сағ екі машинаның қайсысы

бұрын жүріп өтеді? Межелі жерге қайсысы қанша уақыт бұрын жетеді?

Қашықтық – 630 км

1-машина – 70 км/сағ

2-машина – 90 км/сағ

$630:70-630:90=9-7=2$

Ж: 2-машина межелі жерге 2 сағат бұрын жетеді.

ә) Ерзат пен Азат атпен жарысты. Ерзаттың атының жылдамдығы 20 м/сек, ал Азаттың атының жылдамдығы 18 м/сек. 10 секундтан кейін аттардың ара қашықтығы

неше метр болады? 1 сағаттан кейін ше?

Бір бағыттағы қозғалыс.

Ерзаттың аты жылд. – 20 м/сек

Азаттың аты. жылд. – 18 м/сек

10 секундтан кейінгі ара қашықтық – ? метр

1 сағаттан кейінгі – ара қашықтық ? метр

$20 \times 10 - 18 \times 10 = 200 - 180 = 20$ (м) – 10 секундтан кейін

(Енді 1 мин табамыз. Содан соң 1 сағатты табамыз $60:10=6$, 1 сағ=60 мин)

$(20 \times 6) \times 60 = 120 \times 60 = 7200$ (м) – 1 сағаттан кейінгі ара қашықтық

Ж:

б) Бір айлақтан екі кеме бір мезгілде шығып, бір бағытта жол тартты. 4 сағаттан соң

бірінші кеме айлақтан 120 км, ал екіншісі 140 км қашықтықта болды. Әр кемнің жылдамдығын тап.

Бір бағыттағы қозғалыс.

1-кеме қашықтығы – 120 км,

2-кеме қашықтығы – 140 км

Уақыт – 4 сағат

Әр кемнің жылдамдығы – ? км/сағ

$120:4=30$ (км/сағ) – 1-кеме

$140:4=35$ (км/сағ) – 2-кеме

Ж:

3. Мектеп оркестрі үшін 2 қобыз, одан 6 есе артық домбыра және домбыра мен

қобыздан 7 есе кем сыбызғы алынды. Оркестрге барлығы қанша аспап алынды?

Қобыз – 2

Екеуінен 7 есе кем сыбызғы

Домбыра – ?, 6 есе артық

Барлығы – ? аспап

I тәсіл

1) $2 \times 6 = 12$ (а) – домбыра

2) $(2+12):7=2$ (а) – сыбызғы

3) $2+12+2=16$ (а) – барлығы

Ж:

II тәсіл

$2+(2 \times 6)+(2 \times 6:7)=2+12+2=16$ (а) – барлығы

Сергіту жаттығуларын жасау.

4. Бөлуді орында және оны тексер:

$1944 : 24 = 81$
27=88

$2150 : 25 = 86$

$2262 : 87 = 26$

$2376 :$

$$5. 24 \text{ км } 506 \text{ м} \times 3 \text{ } 73 \text{ м } 50 \text{ мм} + 9 \text{ м } 25 \text{ мм}$$

$$42 \text{ м } 14 \text{ см} : 43$$

$$78 \text{ т } 123 \text{ кг} \times 5$$

$$96 \text{ т } 509 \text{ кг} - 48 \text{ т } 765 \text{ кг}$$

$$26 \text{ ц } 19 \text{ кг} : 27$$

$$2 \text{ м } 375 \text{ мм} \times 8$$

$$300 \text{ км } 450 \text{ м} - 195 \text{ км } 728 \text{ м}$$

$$91 \text{ м } 20 \text{ см} : 32$$

6. Теңдеулерді шеш:

Қандай компонент белгісіз?

Белгісіз компонентті қалай табады?

$$5607 + x = 9004$$

$$8706 - a = 5397$$

$$x=3397$$

$$a=3309$$

7. Салыстыр. Ұқсастығы неде? Айырмашылығы неде?

8. Үшбұрыштың екі қабырғалары бірдей және әрқайсысы x см-ден, ал үшінші қабырғасы

2 см. Осы үшбұрыштың периметрін өрнек түрінде жазып көрсет.

Сабақты қорыту: Біз не білдік? Талқылау.

Оқушы білімі мен белсенділігін бағалау.

Үйге тапсырма: 9-тапсырма, шығ. тапсырма.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.